

**№24 «Ұшқын» негізгі орта білім беретін мектебінде «Сыбайлас
жемқорлыққа қарсы күрес» тақырыбында отырыстың**

Хаттамасы №2

10.12.2021 ж.

Ұшқын ауылы

Қатысқандар:22

Күн тәртібінде:

1. Сыбайлас жемқорлық деген не, онымен күрес қағидалары./баяндама Б.Султанов/
2. Оқушылармен ұстаздардың бойында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыру.

Тыңдалды:

1. Күн тәртібінің бірінші мәселесі бойынша, мектеп директорының тәрбие-ісі жөніндегі орынбасары Б.Султанов баяндама оқыды. Сыбайлас жемқорлық - мемлекеттің бәсекеге қабілеттігін едәуір төмендететіні, қоғамда демократиялық қайта құруларды жүзеге асыруды тежейтіні, елдің халықаралық беделіне көлеңке түсіретіні белгілі. Ең бастысы – адамдардың қоғамға деген сеніміне, заң мен әділдікке деген сеніміне түптеп келгенде, билікке деген сеніміне кері әсер ететіні анық. Тарихы тереңнен бастау алған сыбайлас жемқорлық бүгінде бүкіл әлем қауымдастығына қауіп төндіріп отыр. Біздің Республикамызда да бұл мәселеге қарсы күрес шаралары тәуелсіздік алған сәттен бастап мемлекеттің бірінші кезектегі міндетіне айналды. Жемқорлықпен күрес бүгінде елімізде мемлекеттік маңызы бар түйткілді мәселеге айналып отырғандығы шындық. Елдің ертеңі үшін, болашақ келер ұрпақ алдында еңсеміздің бек көтеріліп жүру үшін, жемқорлық індетімен белсене күресіп, түп-тамырымен жою қажет. Бұл індет -адамзат баласына жат қасиет. Кеңестік дәуірден бастау алған, жең ұшынан жалғасын табатын, көз қысты, бармақ басты әдеті әлі болса қылаң беріп келеді. Бұл дерт еліміздің дамуына, экономиканың өркендеп өсуіне өрескел кедергі келтіретіні даусыз. Мемлекеттік сатып алу, мемлекет қаржысын талан – тараж етіп, ысырап қылу, жер телімін заңсыз беру, дүние мүлік, ақша капиталын салық декларациясын, яғни мемлекеттен жасырып қалу

сияқты мемлекет қалтасына қауіп төндіретін жат қылықтар әлі де баршылық. Әрбір азамат өзінің конституциялық құқығын қорғауға міндетті. Қандай да болмасын «қолы да жолы да ұзын» адамдар азаматтардың құқығын таптап, заңсыз әрекеттерге баратын болса, әділдікті орнатушы – құқық қорғау органдары. «Тура биде туған жоқ, туғанда биде иман жоқ» деп қара қылды қақ жарып турасын айтып әділдікке жүгінген қаймана халықтың ұрпағы бүгінгідей өз алдына ел болып еңсесі биік 30 елдің қатарына жетуді көздеп отырған шақта сол адами қалып – парасат биігінен көрінуге тиіспіз.

2. Күн тәртібінің екінші мәселесі бойынша, мектеп директоры Ө.Ахметов алып, былай деді: Ал құрметті әріптестер міне баяндамада есіткендеріңіздей сыбайлас жемқорлық жақсылыққа жетелемейтін жол екен. Қандай жұмыс жасасақта өз адал еңбегімізбен, пешене теріміз бен жасаған амалдарға жетпейді. Сондықтан да сыбайлас жемқорлықтан сақ болайық. Сыбайлас жемқорлық жайлы оқушыларға кеңінен түсіндіру жұмыстары жүргізілуі керек, бейнероликтер көрсету керек, сыбайлас жемқорлық жасаған адамды қандай жаза күтіп тұрғанын ұғындыру керек. Сыбайлас жемқорлықты болдырмау мақсатында «Арыз-шағым» жәшігін орнату керек. Қандай да бір сыбайластыққа көз жеткізсеңіздер тиісті орындадарға хабарлама жасау керек деді.
3. Жиынға қатысушылар арасында сыбайлас-жемқорлықты қалай жоюға болады? деген сұраққа А.Рахимбердиев былай жауап берді:
 1. Пара бермеу және алмау.
 2. Мақсатты нәтижелерге жету үшін, өз мүмкіншілігіңмен жетуге тырыс.
 3. Парақорлықты көрсеңіз жергілікті органдарға және ақпарат көздеріне хабар беріңіздер деп жауап берді.

Шешім:

1. Сыбайлас жемқорлықтың алдын алу мақсатында педагогтарды, ата-аналарды және оқушылардың жеке қабылдауын жолға қою.
2. «Сыбайлас жемқорлықты болдырмау мақсатында «Арыз-шағым» жәшігін орнату.
3. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес» тақырыбында оқушылар арасында түсіндірме жұмыстарын жүргізу, іс-шарасын түзіп, жоспарын құру.

Жиналыс төрағасы:



Ө.Ахметов

Хатшы:



А.Рахимбердиев

